

Автордың аты-жөні: Нұртілеу Талшын Жеңісқызы

Жасы: 18

Облыс, аудан (қала): Алматы облысы, Талдықорған қаласы

Білім беру ұйымы: Талдықорған сервис және технология колледжі

Байқаудың және номинацияның аталуы: «Отаныма 25 игілікті іс», Эссе
номинациясы, тақырыбы - «Таусылмас бақыт».

Жетекшісі: Исламова Мөлдір Анварханқызы

«Таусылмас бақыт»

Бақыт... Бақыт деген не өзі? – деп сұрадым өзімнен де өзгеден де... Бақыт деген біреу үшін жақсы киіну, ден-саулық десе, енді біреуі байлық пен мәнсап дейді. Енді біреулер үшін үйленіп, ұрпақ көбейту екен...

Бірақ, олардың бәрі болғанда адамдардың бақытты екенін сезбей, әйтеуір белгісіз бір затты іздейді де тұрады. Мен айтар едім ең әуелі бақыт деген қолда бар заттың қадірін білу деп. Мен нені айтқым кеп отыр бұл жерде? Бақыт деген ата-ананы тірі кезінде қадірлеу, еркелеу. Қазіргі сәтте қаншама ата-ананың қадірін түсіне алмай жүрген адамдар бар. Сіз ауырып қалсаңыз түн болса да саған уаымдап ауруханаға апарады ғой. Ана не дейді? Баламның аяғына кірген тікен, менің маңдайыма кірсін дейді. Сонда да біз анамызды қастерлемей жатамыз. Менің бұл ойыма дәлел айтатын болсам, сіз балалар үйіне барыңыз да сұраңыз «Бақыт деген не?» деп. Біреуі ғана емес, бәрі шулап «Бақыт деген – ата-ананың махаббаты, мейірімі» дер еді. Әрине, көпшілікке топырақ шашпаймын, бірақ көп адамдар мұні білмей жүр. Жұмақтың кілті ананың аяғының астында! Ананың балаға деген махаббаты, мейірімі шексіз. Ана баласына әрқашан кешірімді.

Ана – ол бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербететін ардақты жан. Ана мейірімімен және қамқорлығымен өскен балалар мейірімді, тәрбиелі болып өседі.

Ана өз баласы үшін не істемейді десеңізші?! Ана деген үш әріптен тұрса да, бірақ сол үш әріптің ішінде қаншама махаббат, қаншама мейірім, қаншама мағына жатыр.

Егер анаңыз қасыңызда болса, кешірім сұрап, жақсы көретініңізді айтыңыз. Бәріңізге солай бақытты болуларыңызды тілеймін! Ана - өмірдің мәні де, сәні де!